

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП НЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 172 (9234) | 1953 жылғы 28 август Жұма | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## РСФСР Жоғарғы Советінің 1953 жылғы 25 августағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

25 августа, көшкі сағат 7-де, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында РСФСР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы ашылды.

Сессияны РСФСР Жоғарғы Советінің Председателі депутат Л. Н. Соловьев ашты. РСФСР Жоғарғы Советі бес сайлау округі бойынша, кеткен депутаттардың орнына жаңадан сайланған РСФСР Жоғарғы Советінің депутаттарының өкілдіктерін тексерудің нәтижелері туралы Мандат комиссиясының Председателі депутат И. Т. Гришниннің баяндамасын тыңдады.

Жоғарғы Совет депутат В. Н. Пономаревтің ұсынуымен Мандат комиссиясының баяндамасы бойынша мынадай қаулы алды:

«Россия Советтік Федерациялы Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. РСФСР Жоғарғы Советі Мандат комиссиясының баяндамасы бекітілсін.
2. 1952 жылғы 17 июльде № 184 Сквородин сайлау округі және № 495 Сталин сайлау округі бойынша, 1952 жылғы 26 октябрьде № 92 Ломоносов сайлау округі және № 579 Рославль сайлау округі бойынша, 1953 жылғы 22 февральда № 142 Енисей сайлау округі бойынша сайланған, Россия Советтік Федерациялы Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі депутаттарының өкілдіктері дұрыс деп танылсын».

РСФСР Жоғарғы Советінің Председателі депутат Л. Н. Соловьев сессияның қарауына мынадай мәселелер ұсынылатындығын хабарлады:

1. Россия Советтік Федерациялы Социалистік Республикасының 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті, РСФСР-дың 1951 және 1952 жылдардағы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы есепті бекіту.

Бұл мәселені РСФСР Министрлер Советі ұсынады.

2. РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту.

Бұл мәселені РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы ұсынады.

Жоғарғы Совет депутат Н. И. Бобровникстың ұсынысы бойынша бұл мәселелерді сессияның күн тәртібіне бірауыздан енгізді.

Мұнан кейін Председатель РСФСР-дың 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы, РСФСР-дың 1951 және 1952 жылдардағы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама жасау үшін РСФСР Финансе министрі депутат И. И. Фадеевке сөз берді.

Фадеев жолдастың баяндамасынан кейін Жоғарғы Совет РСФСР Жоғарғы Советінің Бюджет комиссиясының Председателі депутат С. П. Афанасьевтің қосымша баяндамасын тыңдады.

РСФСР Жоғарғы Советінің бірінші мәжлісі осымен жабылды.

## Саяси үгітті кеңінен өрістетейік

Облыстың озат колхоздары мен совхоздары ақмодалықтардың үндеуіне іспен жауап беріп, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуде. Токшын, Киров совхоздары, Преснов ауданындағы Сталин атындағы, Петропавл ауданындағы Пушкин атындағы колхоздар өздеріндегі зор мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, Отан алдындағы бірінші парыз—мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Бұл табыстың сыры не?

Ұйымдастыру жұмысымен шұғылданбайды.

Партия ұйымдарының кәзіргі кезде кезек күттірмейтін міндеті—ауылшаруашылық қызметкерлерінің саяси және өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, олардың творчестволық еңбегін егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізу мақсатына бағыттау болып табылады. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы партия ұйымдарының саяси үгітті ұйымдастыра білуіне байланысты.

## Егін жыйнауда техника қуаты өнімді пайдаланылсын

Облыс колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы туралы

Осы жылғы 25 августағы мәлімет  
(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Жыйналған егін	Мемлекетке тапсырылған астық
Петропавл	47,2	38,9
Соколов	39,4	18,4
Приешім	38,1	26,8
Мамлют	37,0	24,2
Ленин	36,0	15,2
Кониюхов	35,9	29,1
Полудень	34,8	20,3
Октябрь	34,3	24,8
Преснов	33,9	23,7
Совет	29,9	25,4
Булаев	23,4	13,6
Совхоздар бойынша	51,1	43,3

### Қажырлы еңбек

Петропавл ауданындағы Пушкин атындағы колхоздың колхозшылары ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен және ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының қарқынын еселен күшейтті.

Колхозшылар бастырылған астықты тазалау, кентіру, оны дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастырды. Мұнда комбайндардан қабылданған астық сол күні тазартылып, дайындау пункттеріне жөнелтіліп отырылды. Соның нәтижесінде колхоз 25 августа мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты.

Облысымыздың колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС, совхоз жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлері егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын үлгілі өткізуді өздерінің ең абройлы міндеті етіп қойып отыр. Ауыл-селода саяси үгітті кеңінен ұйымдастыру—бұл мақсаттың ойдағыдай орындалуының кепілі.

## Комбайндардың қуаты толық пайдаланылмай келеді

Кониюхов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары егін жыйнау мен астық дайындауды алғашқы күннен ұйымшылдықпен жүргізіп, егіннің әрбір гектарына 20—25 центнерден өнім алуға. Мұндай колхоздарда бастырылған астық тазартылып, дереу дайындау пункттеріне жөнелтіліп жатыр.

Алайда, егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы барлық колхоздарда бірдей емес. Бірқатар колхоздарда мұндай аса маңызды науқан тыңғылықты ұйымдастырылмаған. Осының салдарынан аудан бойынша мемлекетке астық тапсырудың бескүндік графиктері үнемі орындалмай келеді. Бұған ауданда 25 августқа дейін астық дайындау жоспарының небары 29,1 процент орындалуы толық дәлел болады. Сол сияқты, мұнда егін жыйнаудың қарқыны да өте баяу.

Аудан колхоздарында астық дайындаудың мұншалықты қанағаттанғысыз жүргізілуінің басты себептері неде? Ең алдымен егін жыйнаудағы ең күрделі машина—комбайндар жұмысқа өнімді пайдаланылмайды.

Чистян МТС-нің басшылары өздерін «егін жыйнауға үлгілі әзірлікпен кірістік» деп санайды. Бірақ, істің шайы бұған мүлде келмейді. МТС-те комбайндар сапалы жөнделмеген. Олардың біразы колхоздарда техникалық жағынан жарамсыз болып тоқтап қалады. Бұл МТС-тің басшылары комбайндарды сүйрейтін тракторларды әзірлеу ісін де дұрыс ұйымдастырмады. Кәзір тракторлардың жеткіліксіздігінен бірнеше комбайн егін жыйнауға қосылмай тұр.

МТС қамтуындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында комбайн сүйрейтін трактор іске жарамсыз болғандықтан комбайншы Умарель жолдас үш-төрт күн бойы комбайнның егін оғуға қосқан жоқ. Осы

торының техникалық жағынан жарамсыздығынан Миронов жолдастың комбайны бірнеше күн бойы егін жыйнауға қатыстырылған жоқ.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының қырманында 2 мың центнерден артық астықтың жатқанына бірнеше күн болды. Колхоз басшылары бастырылған астықты тазалау, кентіру жұмыстарын дұрыстап ұйымдастырмай отыр. Осының барлығы колхозда астық дайындау жөніндегі бескүндік тапсырмалардың үнемі орындалмауына әкеліп соғуда.

«Новый путь» колхозының (председателі Тютепов жолдас) қырмандарында 3 мың центнердей астық жатыр. Солай бола тұрса да, колхозда осыншама астықты тазалау, кентіру жұмыстары мүлдем қанағаттанғысыз.

Мұнда МТС-тің астық тазалайтын күрделі молотилкасы жұмысқа қосылуда тиісті еді. Бұл молотилка кезінде жөнделмегендіктен жұмысқа 10 күндей кешігін кірісті.

Астық дайындау жұмысы Ленин атындағы, Каганович атындағы колхоздарда да төзгісіз кенже қалдырылған. Бұларда бастырылған астықты тазалау, оны дайындау пункттеріне тапсыру жұмыстары тыңғылықты ұйымдастырылмаған.

Кониюхов ауданында астық дайындауды үлгілі ұйымдастыруға күш-мүмкіншіліктер жеткілікті. Әрбір комбайнды егін жыйнау да өнімді пайдалану үшін не керектің бәрі бар. Істің тетігі—МТС, колхоз басшыларының комбайндардың күні-түні бірдей жұмыс істеуін қамтамасыз етуінде ғана. Олар астық тазалайтын машиналарды, комбайндарды жұмысқа өнімді пайдаланбайынша егін жыйнау мен астық дайындауды үлгілі өткізуге болмайтындығын жете ескеруге тиіс.

### Советтік Қазақстанда

#### Сегіз айлық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстандағы ең ірі Өскемен ағаш өңдеу комбинаты 21 августа сегіз айлық программаны мерзімінен бұрын орындады.

Комбинатта жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде комплексті шаралар жүзеге асырылуда. Ағаш сорттайтын су бассейні пайдалануға берілді. Ағаш түсіретін алаңның құрылысы аяқталды, онда бөрене тасыйтын механизмдер бар. Мұның өзі бөренелерді тақтай тілетін цехқа жеткізу жөніндегі қолмен істелетін ауыр жұмысты жеңілдетіп, көптеген жұмысшыларды өндірістің басқа участоктеріне босатты.

Ағаш өңдейтін цехтағы ағаштың ұнтағын, жаңқасын, тозаңды шығарып тұратын пневматикалық тетіктер қайта құрыла бастады. Цехтарды жылыту, жылылық және су беретін проводтарды жөндеу жұмыстары қызу жүргізілуде. Ағаш келіп түсетін орынды жарықпен қамтамасыз етудің жаңа схемасы жасалды. Мұның өзі түнгі уақытта жұмыс істеуді едәуір жақсартады.

#### Түсті былғары шығаруды игерді

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Семей былғары комбинатының коллективі аяқ-киім және галантерея өнеркәсібі үшін түсті былғары шығару ісін игеріп, оны жаппай өндіре бастады.

Бұрын мұнда былғарының екі түрі—қара және күңгірт қызыл түрлері шығарылатын еді, кәзір былғарының алты түрі шығарылуда.

Өнімнің сапасын арттыру үшін жарыс өрістетілуде. Былғары зауытының өңдеу цехында қатты былғарының екі дүркін керу әдісі енгізілді. Мезенцев жолдастың бригадасындағы Бакаев пен Табаков жолдастар бұл жұмысты өте шебер орындай бастады. Дәл осы цехта жұқа былғары илеп, керетін машина тұңғыш рет қолданылуда.

Цехтың коллективі дайын өнімнің сорттылығын жоспардағыдан екі процент арттырды. Комбинаттың заводтары мен фабрикаларының басқа цехтарының коллективтері де өнімнің сапасы жолындағы күресте табысқа жетуде.



үйымдары егіншілер арасында партиялық саяси жұмысты мазмұнды, нақтылы ұйымдастыра білуінде және оның ықпалын социалистік жарыста алған міндеттемелерді мұлтсіз орындау, техника күшін толық пайдалану мақсатына бағыттай білуінде.

Мәселен, Сталин атындағы колхоздың (Преснов ауданы) партия ұйымы егін жыйнау және мемлекетке астық тасыру кезіндегі саяси үгіттің мақсатты ұйымдастырылуына жетісуде. Мұнда егіс бригадаларының мәдени қостары саяси бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының ортасына айналдырылған. Үгітшілер өздерінің әңгімелерінде Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің саясатын кеңінен түсіндіріп, колхозшылар мен механизаторлардың өндірістік белсенділіктерін арттыруда. Мәдени қостары егіншілерді қажырлы еңбекке жігерлендіретін көрсекі үгітпен жабықталып, оңда газет журналдардың үнемі болуы ұйымдастырылған.

Алайда, барлық жерде егіншілер арасындағы саяси үгіт ойдағыдай ұйымдастырылып отыр деп айтуға болмайды. Бір қатар бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттері / партиялық жұмыстың маңызды саласы — саяси үгітті әлі де жете бағаламайды. Тек осының салдарынан көптеген колхоздар мен совхоздарда егін жыйнау кезіндегі саяси үгіт және мәдени-ағарту жұмыстары мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр. Облыста егін жыйнау және мемлекетке астық тасыру жұмыстарының қарқыны баяу бөлуынің, кейбір колхоздарда астықтың ысыраққа ұшырауына жол берілуінің негізгі себептерінің бірі, міне, осында.

Октябрь ауданындағы «Балуан» колхозы партия ұйымы өзінің жыйналысында егін жыйнау кезіндегі саяси-бұқаралық жұмыстың жоспарын күнделікті белгілеп бекіткен болатын. Бірақ, не пайда партия ұйымының секретары Байтоқын жолдас өзінің міндетіне жауапсыз қарап, партия ұйымының жыйналысы қаулысының орындалуын ұйымдастыруды ұмытты. Егін жыйнау науқаны басталғаннан бері үгітшілер Смағұлов, Таныбаев, Шәймерденова жолдасар егіншілер арасында бірде-бір әңгіме өткізіп, дауыстап газет оқыған емес. Осы сыяқты, егіс бригадаларының мәдени қостарынан жауынгерлік листоктар мен газет, журналдарды, көрсеткіш тақталарын іздеп табу қиын. Егіншілердің социалистік жарыстың барысының қорытындысы өндірістік жыйналыстарға талқыланбайды. Міне, сондықтан да колхозда комбайн парк қуатының толық пайдаланылмауына, қырманарда мыңдаған цит астықтың мемлекет қоймаларына дереу жіберілмей, ұзақ уақыт жатып қалуына талдануға болмайды. Бұл колхозда аудандық партия комитетінің қызметкерлері жиі болады. Алайда, олар саяси жұмысты

үгіттің практикада сыналған түрлері мен әдістерін толық пайдалануға тиіс. Егіс бригадаларында әңгіме өткізу, лекция оқу, кинофильмдер көрсету, жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін шығару, көркем әдебиеттер мен газеттерді дауыстап оқу — саяси үгіттің маңызды түрлері болып табылады. Бұл жұмысқа даярлығы мол, коммунистер мен комсомолецтерді, мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерін және басқа ауыл-село интеллигенттерін көптеп қатыстыру қажет.

Егіс бригадаларының мәдени қостары, астық қырманлары саяси-бұқаралық жұмыстың орталығына айналған тиіс. Осы сыяқты, транспорт бригадаларында жұмыс істеуші адамдар, комбайн агрегаттарының мүшелері және басқа үчастоктегі еңбекшілер саяси үгіттің ықпалынан тыс қалмауы керек. Саяси үгіттің мазмұны партияның XIX съезінің материалдарына, ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары мен Г. М. Маленков жолдасның сессияда сөйлеген сөзін еңбекшілер бұқарасына кеңінен түсіндіру болып табылады. Бұл тақырыпта өткізілген әңгімелер мен баяндамалар, оқылған лекциялар әрбір колхоздың, совхоздың, бригаданың, жеке адамдардың алдында тұрған нақтылы міндеттермен тығыз ұштастырылуға тиіс. Осылай болған күнде ғана саяси үгіттің мақсатты болуын қамтамасыз етуге болады. Демек, егін жыйнау және мемлекетке астық тасыру кезіндегі саяси үгіттің әсері машиналардың қуатын толық пайдалану күндік, бескүндік тасырмалардың артығымен орындалу мақсатына бағытталуы керек.

Партия ұйымдары өздерінің күнделікті жұмыстарында социалистік жарыстың барысына ерекше назар аударып отыруға тиіс. Әрбір колхозшының, механизатордың және басқа ауылшаруашылық қызметкерінің социалистік жарыста алған міндеттемелерінің орындалуы арқашан тексеріліп, оның нәтижесі үгітшілердің әңгімелерінде, жауынгерлік листоктарда, көрсеткіш тақталарында айтылып отырылуға тиіс. Сөйтін, озаттардың тәжірибелерін насихаттау ісін кеңінен ұйымдастыру керек.

Партия ұйымдары үгіт коллективтерінің, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына басшылықты мейлінше жақсартып, саяси бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының мазмұнды ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге міндетті. Аудандық партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарына саяси бұқаралық жұмысты ұйымдастыру жөнінде нақтылы көмек көрсетулері қажет.

Облыс ауыл шаруашылығының қызметкерлері егін жыйнау және мемлекетке астық тасыру жұмыстарына үлгілі өткізуді өздерінің ең абройлы міндеті етіп қойып отыр. Ауыл-селода саяси үгітті кеңінен ұйымдастыру — бұл мақсаттың ойдағыдай орындалуының кепілі.

заттай ақы төлеу жұмысы қызу жүргізілуде. Бұл жөніндегі жоспар 60 процент орындалды.

### 8 күнде 185 гектар

Жамбыл атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) № 1 бригадасының егін даласында комбайншы Смағұлов жолдас егін жыйнау маусымы басталғалы аянбай еңбек етіп келеді. Ол комбайнның өнімді әрі тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы күн сайын 18-20 гектардан егін жыйнап жүр. Смағұлов жолдас соңғы 8 күнде 185 гектар егін жыйнап, жаңа табысқа ие болды.

Қ. СЫЗДЫҚОВ.

### ЖОСПАР ОРЫНДАЛДЫ

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының № 1 фермасының коллективі күздік егісті дер кезінде етуге жете көңіл бөліп, бұл жұмысқа бөлінген күш- мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалана білді. Осының нәтижесінде фермада күздік егісті себу жоспары 20 августа толық орындалды. Егіс алаңына тұқым себу жұмысы тәрқатарлы және тоғыспалы әдіс бойынша жүргізілді.

Г. ШЕШКОВ,

## Ғылым табыстарын ауыл шаруашылығына қолданайық!

## Қыс қарсаңында овощь егу

Сәбіз, қызылша, петрушка, ботташық, пияз сыяқты және басқа овощьтық дақылдарды қыс қарсаңында егу, көктемде өскендегіден едәуір ерте өнім алуға мүмкіндік береді.

Москва облысының көптеген колхоздары овощьты қыс қарсаңында егу әдісін қолданып, овощьтан өте жақсы өнім алады. Мысалы, Мытыша ауданының «Большевик» колхозы 1951 жылы күзде қызылша тұқымын егіп, 1952 жылдың 28 июнінде жас қызылшаны жыйнауға кірісті. Мұнда июльде егін алты рет жыйналды. Осы әдіспен егілген егістің 9,10 гектарынан бес мың түн азықтық сапалы қызылша алынды. Күнцевек ауданының Киров атындағы колхозы пияз шалқанын «Стригуновский» сортты тұқыммен қыс қарсаңында егіп, август айында өнім алды.

Грибовек овощьтық селекція станциясы тәжірибесінің мәліметтері мен колхоздардың практикасы, қыс қарсаңында овощь егу үчастокті дұрыс таңдап алғанда, топырақ жақсы әзірленгенде, тұқымды мезгілімен сеппенде, мульчаланағанда, егісті көктемде жақсы күткенде ғана ойдағыдай нәтиже беретіндігін көрсетіп отыр.

Қыс қарсаңындағы егіске арналған жер терең жыртқылағы, қызы тамырлы арашөптерден (бидайық, ақтікенше) тазартылады және органикалық заттармен жақсы тынайтылады. Қыяр немесе ерте пісетін капуста егілген, мал қыйымен өңделген жерлер қыс қарсаңындағы егіске мейлінше қолайлы келеді. Бұл әдіспен егіс егу үшін онтүстік немесе онтүстік-батысқа қарай сәл ылдйлау жазық еңкейіс үчасток жер таңдап алған жақсы. Көктемгі су тасқыны тұқымды шайып кететін қыя бөктерлер қыс қарсаңындағы егіске жарамсыз келеді. Көктемде су көп жыйна-

қолхозда жұмыс істейтін комбайншы Умаев жолдасның комбайнын сүйреуге бөлінген «ДТ—54» тракторы әлі күнге дейін әзірленбеген. Тракторларды егін жыйнауға күнбұрыны әзірлеуді трактор бригадасының бригадирі Чернуха жолдас ескермей, жайбарақаттыққа салынды. МТС басшылары бұл жағдайды көре-біле тұра оған қарсы ешбір шара қолданбады.

Мұндай фактілер Суворов атындағы МТС-тен де кездеседі. Каганович атындағы колхозда № 59 «СТЗ—НАТИ» трак-

### Нәтижелі басшылық керек

Ленин ауданындағы Калинин атындағы колхозда егін жыйнау мен мемлекетке астық тасырудың қарқыны мүлдем баяу болып отыр. Колхозда егін жыйнау мен астық дайындаудың бескүндік тасырмалары орындалмайды. Өересе, комбайндардың жұмыс өнімділігі төмен.

Колхоз басшылары бастырылған астықты дайындау ісін де ойдағыдай ұйымдастыра алмаған. Мұнда астық қырмандары мен қоймалары дайындалмаған. Астық тазартқыш машиналар сапасыз жөнделген. Колхозшылар еңбекке түгелінен қатыстырылмайды. Осының барлығы колхоздың мемлекетке астық тасыру жөніндегі гра-

Бүкіл облысымыздың еңбекшілері сыяқты Жоңохов ауданы еңбекшілерінің алдында жауапты міндет тұр. Ол—егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу, сөйтіп, мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындауды ойдағыдай өткізу. Ауданның партия, совет ұйымдары мен МТС, колхоз басшылары барлық күш- мүмкіншілікті осы міндетті мінсіз жүзеге асыруға жұмылдыруға тиіс.

Б. ЖАҚЫПОВ,  
(Өз тілшіміз).

фиктерін орындай алмауына негізгі себеп болып отыр.

Бастауыш партия ұйымы, оның секретары Жақатов жолдас егіншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың шын мәнінде ұйымдастыруы керек еді, алайда, істің жағдайы бұған мүлдем керісінше.

Колхоздың председатели Қадырбаев және партия ұйымының секретары Жақатов жолдасар бұл кемшіліктерден нақтылы қорытынды шығарып, егін жыйнау жұмыстарына нәтижелі басшылық жасауға міндетті.

С. САУЫТБАЕВ.

тұқымын себу керек. Бір түйнекті қызылша үшін «бордо», «грибовская плоская», «поляриная плоская», «северный шар» сортты тұқымдарды пайдалануға болады. Көк овощьтардан «московлық» және «бетнер» салаттың, петрушканы, шпинат, батун пияз және кез келген сорттағы укроп себіледі.

Тұқымнан шалқан- пияз өсіру үшін кіші ұялы пияз сорттары: «отрибуновский», «метерский», «біржылдық грибовский», «біржылдық хаоский», «даниловский», «вишневский», «мячковский» және басқа сорттары пайдаланылады. Сарымсақтан көбіне жергілікті, жер бауырлап өсетін формалы сорттарын алу керек.

Қыс қарсаңында ең ұсақ пияз-севканы (диаметрі бір сантиметрден де кем) егу жақсы нәтижелер береді. Ол қыстап жақсы шығады. Сабақтанып кетпейді, пияз түйнегі ірі, шырынды болады және стандартты мөлшердегі севканы көктемде өскендегіден бір ай ерте піседі.

Сарымсақ пен ұсақ севка пиязын аяз түсерден бір ай бұрын жүйекке отырғызады. Сарымсақтың баданасы және тістері топырақ қатқаныша тамыр тартуға тиіс. Сарымсақтың түйіндерін бір-бірінен 10 сантиметр аралықта, ал севка пиязын бір-бірінен 6-10 сантиметр аралықта отырғызады және 3—3,5 сантиметр терең батпырады. Бұдан кейін жүйектің беті шымтезекпен немесе шіріндімен жабылады (мульчалаыды). Мульчаның қалыңдығы 2—3 сантиметр болуға тиіс.

Аяз түсіп, топырақтың үсті қатқанда жүйекті сабанды қый қабатымен жабады. Мұндай қабатын қалыңдығы 5—10 сантиметр болады. Бұл егісті күн жылығанда топырақты еріп кетуінен сақтайды, егіс үчастоктерінде қардың жақсы тоқтауына көмектеседі.

Себуге арналған тұқым жоғары кондициялы болуы керек, тұқым себу нормасы көктемдегіден 30—50 процент артық болады.

Сәбіз, қызылша, петрушка, пастернак жалға себіледі. Көк дақылдардың бәрі де және севоц- пияз жүйекке себіледі.

Бұл күндері кәсіпорын тек бірінші сортты өнім шығарып келеді.

### Халық тұтынатын жүктер тоқтаусыз жеткізілуде

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Қарағанды магистралінің теміржолшылары халық тұтынатын товарларды тасу ісін шапшаңдатуда. Жолдың дистанцияларында өткен тәуліктің ішінде жоспардан тыс 200 вагонға жаңа астық тиелді. Мұның өзі жоспардан тыс астық тиелген үш эшелон жөнелтуге мүмкіндік берді.

Басқа азық-түлік товарлары да шапшаң тиеліп, тасылуда. Бертіс станциясының қызметкерлері 22 августа төрт изотермиялық вагонға жоспардан тыс балық тиелді. Тайынша станциясына жоспардан тыс сарымай тиелген төрт тоназытқыш вагондар жөнелтілді.

Магистралдың теміржолшылары августтың алғашқы жыйырма күнінде жоспардан тыс екі мың тоннадан аса қант, овощь, отын тасыды. Халық тұтынатын өнеркәсіп товарлары тиелген 30-ға жуық контейнерлер жөнелтілді.

Халық тұтынатын жүктер тиелген поездардың бәрі де тоқтаусыз жөнелтілуде.

Тұқымды бороздаларға қолмен себеді. Оның үстіне темір тырнауыштың желкесімен ақырын топырақ ұйеді. Бұдан соң борозданы кемеріне келгеніне шымтезекпен немесе шіріндімен толтырады. Бұған арнап өгіннің әрбір гектарына 20—30 тонна шымтезек немесе шірінді тасып әкелінугі тиіс. Көктемгі ылғалды сақтау үшін, топырақтың жарылмауы үшін жүйек пен жалды түгелдей мульчалаған және.

Егер қандай да болса себептермен тұқым топырақ қатқан кезде себілмеген болса, онда тұқымды қатқан жерге де себуге болады. Бірақ, бұл жағдайда оның бетін топырақпен аз ғана жауын тастау керек, оған соң шымтезекпен мульчалауға болады.

Қыс қарсаңында егілген егіске міндетті түрде қар тоқтату керек. Тоқтатылған қар неғұрлым қалың болса, қар да солғұрлым көш еріді, топырақта ылғал да солғұрлым көп сақталады, өнім де солғұрлым мол болады.

Көктемде қар ерісімен егісті тексереді, беті ашық қалған немесе тым ерте көктемге тұқымды шымтезекпен жабады.

Тұқым көктемге, топырақ әлі ылғал күйінде жатқанда әр гектарға 1—1,5 центнер селитра енгізіледі. Тар қатар аралықтарының топырағы шөптен қопсытылады, тыңайтқыш терең сіңіріледі, бороздалардың топырағы планеталармен қопсытылады.

Бұдан кейін егісті көктемде күту әдісі әдеттегідей болады. Топырақты жиі- жиі қопсыту, арашөпті отау, сирету, үстем қоректендіру жұмыстары жүргізіледі. Ач райы құрғақ болғанда егісті сумен бірге міндетті түрде суға ерітілген мал қыйымен, сыйыр қыйымен, құс қыйымен үстем қоректендіру керек. Бұл овощьтың өсуін және пісіп жетілуін тездетеді.

Қыс қарсаңында овощь егуді қолданып, колхоздар мен совхоздар ерте пісетін овощь өндірісін едәуір арттырады және олармен еңбекшілерді жаз басталысымен-ақ жабықтауды жақсарты алады.

Академик Е. УШАКОВА,

### Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясын шақыру туралы

#### ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы 1953 жылғы 2 сентябрьде, Алматы қаласында шақырылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели Д. КЕРІМБАЕВ,  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары А. ӘМІРІЕВ.

Алматы қаласы,  
26 август, 1953 жыл.



### СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

## Советтердің социалистік жарысын кеңінен өрістетейік

Коммунистік партия мен Совет Үкметі социалистік ауыл шаруашылығын өркендету ісіне арнаған зор қамқорлық жасап, ерекше кеңіл бөлуде. Партияның XIX съезінің ЦСРО-ны өркендетудің бесінші басқылдық жоспар жөніндегі директива-жарында ауыл шаруашылығын өркендетудің тағаша перспективалары белгіленді.

Бүкіл совет халқы сияқты облысымыздың ауыл шаруашылығы қызметкерлері де партияның XIX съезінің жарарларын ойдағыдай орындау жолындағы күресті күннен-күнге қыздыра түсуде. Бұл күресте еңбекшілердің бұқаралық ұйымы—жергілікті Советтердің ролі бұрынғыдан да күшейіп отыр.

Өткен жылдардағыдай бйыл да облысымыздың ауылдық, селолық, поселкелік Советтері жергілікті Советтердің республикалық социалистік жарысына ұштасып, колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайту, ауыл-село еңбекшілерінің мәдениетін арттыра беру жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды. Сөйтіп, олар қалың бұқарамен байланысын нығайта отырып, ауылшаруашылығы қызметкерлерін социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерді табысты орындау күресіне белсене жұмылдыруда.


Жергілікті Советтердің социалистік жарысының бірінші жарты жылдықтағы қорытындысы көптеген ауылдық, селолық, поселкелік Советтердің қабылдаған міндеттемелерін жүзеге асыруда елеулі табыстарға ие болғанын көрсетті. Мәселен, Чкалов селолық Советі (Булаев ауданы) көктемгі дала жұмыстарын үлгілі өткізіп, бітік егін өсірді. Селолық Совет мал шаруашылығын өркендету жөнінде алған міндеттемелерін артығымен орындады. Мал қоралары толық жөндеіліп, мал қораларының жаңа құрылысы қызу жүргізілуде. Осы сияқты, мал азығының берік қоры жасалуда. Совет қамтуындағы совхоз егін жыйнау және мемлекетке астық тасыру жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуде. Бйыл совхоз орталығында және басқа селолық пункттерде алаштар егілін, көгалдандырылды. Советтің қамтуындағы мектептер оқу жылына үлгілі әзірлікпен кіріскелі отыр.

Бұл табыстар өзінгінен келген жоқ. Селолық Совет және оның атқомі социалистік жарыста алынған міндеттемелердің орындау барысына күнбе-күн басшылық және бақылау жасап отырды. Советтің тұрақты комиссияларының ролі күшейтіліп, депутаттар мен активтер арасындағы жұмыс жақсартылды. Әрбір депутат пен актив өздерінің жеке басының енегесімен село еңбекшілерін социалистік жарыста алған міндеттемелерді орындау күресіне жұмылдыра білді. Селолық Советтің сессияларында жарыстың барысы және алынған міндеттемелердің орындалуы туралы мәселе үнемі талқыланып, жұмыста орын алған кемшіліктері жою шара-

ларын, Воскресеновск (Мамлют ауданы) ауыл-селолық Советтері де айтарлықтай табыстарға ие болуда. Кокшетау ауданындағы Лебяжье селолық Советі қамтуындағы колхоз көктемгі егін жұмыстарын мерзімінен бұрын сапалы орындап, жоспардан тыс 500 гектардан астам дөңгі дақылдар егісін екті. Селолық Советте тұрақты комиссия жұмыс істейді. Олардың ішінде, әсіресе, бюджет-финанс тұрақты комиссиясы (председателі Н. Феофанова жолдас) өз міндетін аброймен орындауда. Бұл комиссия өзінің мәжілістерін үнемі өткізіп, онда бюджет-финанс жұмысының түйінді мәселелерін қарап отырды. Село еңбекшілерінің арасында түгінкі жұмыстарын кеңінен өрістетіп, сайлаушылармен өзінің байланысын барған сайын нығайта түсуде.

Мамлют ауданындағы Воскресеновск селолық Советі қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспарды кәзірдің өзінде жылқы мен қойдан артығымен орындап отыр. Қалған түріктер бойынша жоспар Ұлы Октябрь мерекесіне дейін толық орындалмақ. Советтің қамтуындағы 5 мектеп, 2 клуб, оқу үйі және 2 балалар ясли үйлері толық жөндеуден өтіп, қысқы маусымға қажетті отынмен және басқа қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Колхозшы шаруалар қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттемелерін мұлткісіз орындауда. Мәселен, Чкалов атындағы колхоздың сауыншысы Е. Драгина жолдас әрбір сыйырдан сүт сауу жөніндегі міндеттемесін кәзірдің өзінде 93 процент орындап, жұртшылықтың зор құрметіне ие болды.

Дегенмен, жергілікті Советтердің республикалық социалистік жарысы барлық жерлерде ойдағыдай ұйымдастырылып отыр деп айта алмаймыз. Бірсыпыра ауылдық, селолық Советтер социалистік жарысқа басшылықты қамтамасыз ете алмай келеді. Мұндай жағдай, әсіресе, Совет, Петропавл аудандарынан жиі кездеседі. Мысалы, Совет ауданындағы Модотов ауылдық Советінің егіншілік пен мал шаруашылығын өркендету, сондай-ақ, ауыл-селоның мәдениетін арттыру жөніндегі социалистік міндеттемелерінің жүзеге асырылуы мүлдем жеткіліксіз болып отыр. Ауылдық Советтің атқомі өзінің жұмысында депутаттар мен активтерді тірек етпейді. Социалистік жарыстың барысы жөніндегі мәселелер сессияларда және атқомінің мәжілістерінде сирек талқыланды. Ивановка, Сартомар ауылдық, селолық Советтері жөнінде де осыны айту керек. Істің жайы осылай бола тұрса да, аудандық Совет атқомі, оның председателі Живулина жолдас Советтердің социалистік жарысына басшылықты жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыру ісін



Петропавлдағы № 2 темір жол училищесінің паровоз машинистерінің паровоздардың құрылысы жөніндегі арнаулы технология пәнінің оқытушысы сапалы білім беру жолында көп еңбек СҮРЕТТЕ: оқытушы Косыревтің үйреніп тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Қалалық „ән мерекесі“

Кәсіподақтардың облыстық Советінің және қалалық партия комитеті бюро мәжілісінің қарары бойынша сентябрьдің орта шенінде қалалық «ән мерекесі» өткізіледі.

«Ән мерекесін» ойдағыдай өткізу үшін оған әзірлік жұмыстары идеялық-көркемдік жағынан жоғары дәрежеде және ұйымдасқан түрде жүргізілуі тиіс. «Ән мерекесін» өткізу біздің қаламыз үшін үлкен мәдени шаралардың бірі. Сондықтан жұмысшылар мен қызметшілер және олардың семья мүшелері хорға кеңінен қатыстырылуға тиіс. Барлық клубтарда, кәсіпорындары мен мекемелердің қызыл мүйістерінде және оқу орындарында хор үйірмелерін, ансамбльдер ұйымдастырып, көркемөнер үйірмелеріне жаңа әншілер тарту қажет.

Коллективтерде жұмысты жеңілдету және нақтығын көмек көрсету мақсатында кәзір комиссия 6 куста құрды. Бұларда кәсіпорындардың, мекемелердің коллективтері ән үйренеді. Бұл кусталар Ленин атындағы клубта, ет комбинатының, Киров атындағы заводтың клубтарында, механикалық техникумда, Пионерлер үйінде және ауылшаруашылық техникумында жұмыс істейді.

Нәзір көптеген коллективтер ән үйренуге кірісті. Ленин атындағы клубта хор үйірмесіне 300-ден астам адам қа-

тысады. Тігін фабрикасында 100 адамнан хор үйірмесі құрылған. Ойқаладағы үй шаруасындағы әйелдер хоры жаңа әндер үйреніп жүр.

Бас балетмейстер Ефимов жолдас Ленин атындағы клуб пен ет комбинатының клубында коллективтік билерді үйретіп жүр.

«Ән мерекесінде» қалалық жыйынтық хор «Совет Одағының Гимні», «Сталин туралы Кантатаны», «Партия — біздің жетекшіміз» деген және басқа да әндерді орындайды. Бұдан кейін жыйынтық би коллективі қазақ және орыс билерін билейді. Бірқатар көркемөнер коллективтері ойын көрсетеді. Сырнайшылардың жыйынтық оркестрі және музыка аспаптары оркестрі музыка тартады. Бұдан кейін жыйынтық хор және би коллективі «Достық вальсін» орындайды.

«Ән мерекесі» мәдениет және демалыс парнінде еңбекшілердің жалпы сәруенімен аяқталады. Ашық эстрадада, жазғы театрда және циркте қаладағы ең таңдаулы көркемөнер коллективтері ойын көрсетеді.

Жалпықалалық хордың құрамында 4 мың адам болуы қарастырылып отыр.

**В. ЧУКОВ,**

Кәсіподақтардың облыстық Советінің аға инспекторы.

### Жұмысшыларға арналған үйлер

Шағын двигательдер жасау зауытының кәсіподақ комитеті жұмысшыларды үйдің әр қабатында екі бөлмелі екі пәтер, үш бөлмелі екі пәтер болады. Июнь

тың Оның көлемі 276 шаршыметр. Үйдің әр қабатында екі бөлмелі екі пәтер, үш бөлмелі екі пәтер болады. Июнь

## Батыс Германиядағы сайлау алдында

БЕРЛИН, 25 август. (СОТА). 6 сентябрьде Батыс Германияда бундестагтың (парламенттің төменгі палатасының) сайлауы өткізіледі.

Бонның үкмет партиялары — канцлер Аденауэрдің христиан-демократиялық одағы (ХДО), «ерікті демократиялық партия» және «немістік партия» — жаңа парламенттен көпшілік орын алуға тырысып, бундестагтың жаңа құрамына демократиялық партиялардың өкілдерін өткізбегуге бағытталған реакциялық сайлау заңын федерациялық парламент арқылы өткізді.

Демократиялық партиялардың сайлау алдындағы науқанды дұрыс өткізуіне бөгет жасау үшін, Бонның билеп-төтеушілері барлық шараларды қолдануда.

Германияның компартиясы, бірлік, бейбітшілік және достық үшін күресуші немістердің, бұрынғы рейхсканцлер Адольф Вирт және Мюнхен-Гладбахтың бұрынғы обер-бургомістрі Вильгельм Эльфес бастаған және Германияның бірлігін демократиялық негізде тезінен қалпына келтіруді жақтайтын одағы полициялық террорға ұшыратылуда. Бұған байланысты Вильгельм Эльфес жақын арада канцлер Аденауэрге хат жолдап, Аденауэрдің және оның итаршыларының бірлік, бейбітшілік және бостандық үшін күресуші немістер одағына қарсы жанысын өшкереледі. Эльфес «Германияның не Америка Құрама Штаттарына берілетіні, не ұлттық еріктіліктің қамтамасыз етілетіні 6 сентябрьде шешіледі» деп жазды.

Батыс Германияның реакцияшыл партиялары мен топтары бундестагқа ірі капиталистерді, қаныпезер гитлершілдерді өткізгісі келеді. Бонның коалициялық партияларынан депутаттыққа ұсынылған кандидаттар қатарында, Германияның ең ірі монополияшыларының

бірі, Гитлердің өкметті қолға алуына көмектескен Роберт Пффердменгес, Клекер көңдерні иелерінің бірі Гюнтер Хенле, Гамбург банкирі Гуго Шарнберг, фашистер Ганс фон Мерцац, Эрих Менде, Франс, Иозеф Штраус, Курт Кинигр сияқты адамдар, бұрынғы гитлершіл генералдар және басқалар бар.

Батыс Германия империалистері Аденауэрлік партиялардың сайлау науқанына керекті қаржыны аймай мол беруде. Батыс Германияның социал-демократиялық партиясының партиялық басқармасының хабарына қарағанда, ірі-ірі кәсіп иелері үкметтің коалициялық партияларына сайлау науқанын жүргізуге, кәзірдің өзінде 30-40 миллион марка ақша берген.

Батыс Германияның патриоттық және демократиялық күштері, Аденауэр үкметінің соғыс құмарлық бағытын жоюын және елдің еңіге бөлінуін біржолата жоюын бундестаг құрамын сайлау үшін күресуде. Германияның Коммунистік партиясының председателі Макс Рейман 17 августа Бавария радиосы арқылы сойлеген сөзінде неміс халқының осы талаптарын білдірді. Ол былай деді: «Халқымыздың басым көпшілігі бейбітшілікті тілейді, тұрмыс дәрежесін бірте-бірте арттыра беру келешегі бар хауіпсіздік және бостандық жағдайында өмір сүргісі келеді. Бірақ, немістердің өзара келісуіне бөгет жасау бағыты жүргізіліп отырғанда немістердің бұл әділетті талаптарын орындауға мүмкіншілік жоқ. Біз мұны Аденауэр үкметінің жұмысының төрт жылы ішінде алған тәжірибемізден білеміз. Сондықтан бундестагтағы күштердің арасалмағы өзгертіліп, Аденауэрдің саясатына қарсы шығушылардың бөрінің коалициялық үкметін құруға мүмкіндік туғызатын бундестаг сайлануға тиіс».

### Ирандағы жағдай

ТЕГЕРАН, 25 август. (СОТА). «Кей-хав» газетінің хабарына қарағанда, Иранның полициясы мен соғыс өкмет орындары 23 августа дейін 200-ден астам адамды тұтқынға алған. Моссаль, ол басқарған үкметтің мүшелері, меджлистің «Ұлттық қозғалысы» фракциясының мүшелері, армия мен полицияның офицерлері, сондай-ақ Моссальды жақтаған басқа бірсыпыра адамдар тұтқынға алынған.

ТЕГЕРАН, 25 август. (СОТА). Бригадалық генерал Кемал Хузистан провинциясының генерал-губернаторы болып, Мохаммед Али Роушан Исфаган провинциясының генерал-губернаторының міндетін атқарушы болып, «Дад» газетінің редакторы Амиди Нури премьер-министрдің саяси мәселелер жөніндегі орынбасары және насихат-баспасөз жоғары басқармасының бастығы болып тағайындалған.

ТЕГЕРАН, 25 август. (СОТА). 24 августың кешінде радио арқылы соғыс губернаторының хабары жарияланды. Онда өкмет орындарының қолына 43

лүі талап етіледі: бұрынғы сыртқы істер министрі Хосейн Фатемі, бұрынғы еңбек министрі Алени, меджлис депутаты Зирак-Заде, бұрынғы қатынас жолдары және байланыс министрі Хакшнас, меджлис председателінің бұрынғы орынбасары Разади, бұрынғы искусство министрінің орынбасары Малик Исмаили, меджлис депутаттары Санджаби, Осбаль, сондай-ақ Парвиз, Хатиби, Халиль Малекі, Мохаммед Решад.

ПАРИЖ, 25 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Тегераннан мынаны хабарлады:

Тегеранға оның гарнизонын күшейту үшін провинциялық орталықтар гарнизондарынан 16 батальон келді. Ел астанасында жаяу әскер құрамалары мен бронетанк әскерлерінің саны жөнінде мұншама қарулы күштер бұған дейін ешуақытта да шоғырланған емес.

Тегеранда белгілі болғаныдай, Иранның жоғарғы полиция басқармасының бастығы генерал Авшартусты өлтірді деп айыпталған, осы уақытқа дейін түрмеде отырған адамдар жаңа үкметтің



лары кезінде жүзеге асырылды. Социалистік міндеттемелердің орындалуы көрсеткіш тақталарында, қабырға газеттерінде, жауынгерлік листоктарда үнемі жарияланып, ауылшаруашылығы алдыңғы қатарлыларының тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыру жөнінде едәуір жұмыстар жүргізілді. Сөйтіп, социалистік жарыста артта қалушыларды озаттардың қатарына қосу ісіне әрқашан ерекше назар аударылды.

Облысымызда жергілікті Советтердің республикалық социалистік жарысында үздік келе жатқан жалғыз Чистов селолық Советі ғана емес. Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелерді орындауда Лебяжье (Кониухов ауданы), Жалтыр (Октябрь ауданы), Влагочейко (Преснов

ұмыт қалдырып келеді.

Алдағы міндет — жергілікті Советтердің социалистік жарысына басшылықты мейлінше жақсартып, қабылданған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуына жетісу болып табылады. ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарлары социалистік ауыл шаруашылығын өркендетудің, еңбекшілердің тұрмыстық дәрежесін жақсарту, берудің нақтылы шараларын белгілеп берді. Социалистік жарысты кеңінен өрістетуге ауыл шаруашылығының алдында тұрған маңызды міндеттерді орындаудың басты кепілі болып табылады.

**Б. МЫРЗАЛИН,**

**Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқемінің нұсқаушысы.**

еріске көлім болуде. Соңғы жылдар ішінде завод жұмысшыларына арналып екі қабатты төрт үй салынды. Олардың әрбіреуінде екі- үш бөлмелі сегіз пәтер бар.

Май айы ішінде Киров атындағы кәшенің бойында екі қабатты бесінші үйдің фундаменті салына бастаған бола-

**Оқушыларға қамқорлық**

Қала оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету мақсатында кітап саудасы-магазині қаланың барлық мектептерінде кітап сататын киоскалар ұйымдастырды. Үстіміздегі жылды оқушыларға өткен жылдағыдан 100.000 сомның кітабы артық сатылатын болады.

анының аяғында бұл үйдің іргесін қалау жұмысы аяқталды.

Көзір бұл үйдің ішін және сыртын сылап, ағарту жұмыстары ғана қалды.

Алдымыздағы айда шағын двигателдер жасау заводының жұмысшылары бұл жаңа үйге орналасатын болады.

**М. МӘЛКОВ.**

**А. РАМАЗАНОВ.**

**Саяси экономияны үйренушілерге көмек**

**Капитализм тұсындағы ұлттық табыс туралы**

Марксизм-ленинизм классиктерінің түрлі қоғамдық-экономикалық формациялардың дамуының экономикалық заңдарын талауға арналған еңбектерінде қоғамның экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде ұлттық табыс, оның мөлшері, өсу қарқыны, оны бөлу және қайта бөлу принциптері, табыстың пайдаланылуы туралы мәліметтер келтіріледі.

Марксизм ұлттық табыс проблемасын тұңғыш рет дұрыс қойып, айдағыдай шешті. Марксизм-ленинизм классиктері ұлттық табыстың школары мен оны бөлу принциптерін қоғамдық ұдайы өндіріс процесін зерттеп, үйренумен байланыстырмайса дұрыс түсінуге болмайды деп көрсетті.

Қоғамның белгілі бір мерзім ішінде (мәселен, бір жыл ішінде) өндірген орасан көп материалдық заттары қосынды немесе қоғамдық жалпы өнім құрайды. Өзінің заттай күйінде алғанда, ол өндіріс өндірген құралдардан, жеке тұтынуға қажетті заттардан, қоғамдық өндірістік емес заттардан құралады.

Қоғамның қосынды және жалпы өнімінің құны өндірісте пайдаланылған капиталдық құныммен (тұрақты, өзгермелі және оның үстіне қосымша күнмен) тең. Қоғамның қосынды және жалпы өнімінен оның ұлттық табысын айыра білу керек.

Ұлттық табыс — еңалдымен біржылдық өндірістің нәтижесі; бұл материалдың өндірістік сферасы қызметкерлерінің, яғни тұтас қоғамдық өнімді жасаушылардың бір жыл ішінде жанадан жасаған құны болып табылады. Егер, бөлу жағынан алатын болсақ, онда ұлттық табысты буржуазиялық қоғамның жекеден таптары табысының қосындысы деп қарауға болады.

Блдің ұлттық байлығын ұлттық табыстан айыра білу керек. Ұлттық байлық көзіргі заманғары ғана емес, бүкіл одан

бұрын өткен ұрпақтың еңбегінің нәтижесі болып табылады. Өзінің заттық құрамы жағынан елдің ұлттық байлығы мейлінше өртүрлі болады. Оның құрамына мыналар кіреді: жеке адамдардың жыйнаған өндіріс құралдары мен тұтыну заттары (машиналар, жабдықтар, шикізат, отын, тағы басқалары), мемлекеттік қорлар, қару-жарақтар, оқ-дәрі, шикізат пен азық-түлік, өндірістік сферадағы емес заттар (мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншіктегі мекемелер), қалалар мен селолардың, тұрғын үй қоры, алтынның, күмістің және басқа бағалы заттардың резервтері.

Шамамен есептегенде, капиталистік елдердің ұлттық байлығының құны жылдық ұлттық табыстың құнынан 3-5 есе артық болады. Мысалға Англияны алайық. Мұнда 1942 жылы ұлттық табыстың мөлшері 7,8 миллиард фунт стерлинг болса, сол жылы ұлттық байлықтың құны 22,5 миллиард фунт стерлинг болды.

Марксизм-ленинизм классиктері ұлттық табыс тек материалдық өндіріс сферасы негізінде ғана жасалады деп үйретеді. Буржуазиялық экономистер материалдық және материалдық емес сфера арасындағы айырмашылықты қасақана, саналы түрде ашып көрсетпейді. Олар өз көзқарастарын, шікірлерін жақтау мақсатымен ұлттық табыс туралы мәселені әдейі шатастырады.

Марксизм-ленинизм капиталистік елдерде ұлттық табыстың материалдық өндіріс сферасында істейтін жұмысшылар, шаруалар, ұсақ товар өндірушілер және интеллигенция жасайды деп үйретеді. Басқалардың барлық материалдық өндіріс сферасында жасалған ұлттық табысты қайта бөлу есебінен өмір сүреді.

АҚШ-та, Францияда, Англияда және басқа капиталистік елдерде ұлттық табыстың өсуі барған сайын баяулап келеді. Мұның өзі паразитизмнің барған сайын күшейіп, капитализмнің өзінің жал-

пы дағдарысының көзіргі кезеңінде, өшіп бара жатқандығын айқып көрсетеді. Бұған мысал ретінде АҚШ-та, артығымен көрсетілген мәліметтердің өзіне қарағанда да, ұлттық табыс 1949 жылдан 1950 жылға дейін небары 7 процент қана өскенін айтуға болады. Осы мерзім ішінде Англияның ұлттық табысы 1 процент қана өскен. Ал, бірқатар капиталистік елдерде ұлттық табыс тіпті төмендеп кеткен.

Ал, Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріндегі жағдай мүлдем басқаша. Экономикалық дағдарыстарды, техникалық прогрестің тоқырауын, өндірістік қуаттарды толық пайдаланбауды, капиталистік елдердегі сыяқты қанаушылық қажеттер мен басқа да сорақылықтарды білмейтін шаруашылықтың социалистік системасы ұлттық табысты капитализм бұрын -соңды көрмеген қарқынмен өсіруде. Бұл жөнінде Совет Одағының бірінші бесжылдық жылдарында ұлттық табысының өсу қарқыны 16 процент болғанын айтудың өзі де жеткілікті. Соғыстан кейінгі жылдарда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мықтан өркендеуі ССРО-ның ұлттық табысының онан сайын күшті қарқынмен өсуін қамтамасыз етті. Соғыс салған орасан зор зардаптарға қарамастан, ССРО-ның ұлттық табысы 1940 жылғымен салыстырғанда 1951 жылы 83 процент артты. Ұлттық табыстың мұндай өсу қарқынын дүние жүзінің ешбір елі өзінің дамуының бірде-бір кезеңінде көрген емес.

СОМН XIX стезінің директиваларында социалистік өндірісті үздіксіз өркендету және қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру негізінде ССРО-ның ұлттық табысын бесжылдықтың ішінде кемінде 60 процент арттыру міндеті қойылды. Осыған байланысты жұмысшылардың, шаруалардың және қызметшілердің табысының онан әрі өсуін қамтамасыз ету керек.

Марксизм-ленинизм жұмысшы табы мен басқа да еңбекшілер бұқарасының материалдық жағдайы тұрғысынан қарағанда, ұлттық табысты таптар мен қоғамның еңбекшілер топтары арасында бөлу туралы мәселе негізгі мәселе болып табылады деп үйретеді.

Капитализм жағдайында ұлттық табыс қанаушы таптардың мүдделеріне сәйкес бөлінеді. Капиталистер мен жер иеленушілерінің ұлттық табыстағы үлесі жыл сайын өсіп отырса, жұмысшы табы мен барлық басқа еңбекшілердің ондағы үлесі үздіксіз азайып отырады. Бұл — капитализм тұсындағы негізгі экономикалық заңның әрекетінің даусыз нәтижесі. Көзіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңы жұмысшы табының қайыршылануына, олардың ұлттық табыстағы үлесінің азаюына әкеліп соғады. Егер, 1929 жылы АҚШ-тың еңбекшілерінің үлесіне ұлттық табыстың 51,1 проценті тиетін болса, 1950 жылы олардың ұлттық табыстағы үлесі 41,9 процентке дейін кеміді.

Ал, Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріндегі жағдайдың бұған ешбір ұқсастығы да жоқ. Біздің елімізде ұлттық табыс қала мен деревня еңбекшілерінің билігінде. Совет Одағының еңбекшілері өздерінің материалдық және мәдени қажеттерін қанағаттандыру үшін ұлттық табыстың төрттен үш бөлегіне жуығын алады. Ал, ұлттық табыстың қалған бөлегі социалистік өндірісті ұлғайтуға және басқа жашымемлекеттік, жалпықоғамдық қажеттерге жұмсалады.

Капитализм тұсында ұлттық табыс үш таптың арасында бөлінеді: жұмысшы табы —жалалы ғана алады, капиталистер —пайданы, ал, жер иеленушілер —рента алады. Бұдан кейін ұлттық табыс қайта бөлуге түседі. Мұның өзі тек мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылады. Өндірістік емес сфера ұлттық табыс жасамайды. Солай бола тұрса да, бұл сфера капитализм тұсында монополистік буржуазия үшін бірқатар елеулі функцияларды атқарады.

Халық бұқарасына зорлық жасау мен оларды қанаудың мейлінше далыйған мемлекеттік үлкен аппараты капиталистік үстемдікті сақтау ісінде қанаушы таптардың күшті құралы ретінде қызмет етеді. Сонымен бірге, халықтың барған сайын өсіп отырған бөлегі, яғни өндірістік емес сферада істейтін бөлегі өзінің еңбегін буржуазияның жеке мұқтаждары мен пайда-сы үшін жұмсауға мәжбүр болады.

**Қ. ШӘКЕНОВ.**

сағаттың ішінде мына адамдардың бері-төуірығы бойынша босатылған.

**Францияның демократиялық күштерінің жеңісі**  
**ЛЕ ЛЕАПТЫҢ, СТИЛЬДІҢ, МОЛИНОНЫҢ, ДЮКОЛОНЕНІҢ,**  
**ЛОРАННЫҢ БОСАТЫЛУЫ**

ПАРИЖ, 25 август. (СОТА). Францияның конституциялық бостандықтарды қорғау үшін күресуші демократтары мен патриоттары жаңа жеңіске жетті: Бүгін Париж сотының тергеу палатасының қарары бойынша ұзақ уақыт бойына тұтқында болған Жаппай еңбек конфедерациясының бас секретары Ален Ле Леап, Француз Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Люсьен Молино, «Юманите» газетінің жауапты редакторы Андрэ Стиль, Францияның республикашыл жастары Одағының секретары Ги Дюколоне және Францияның республикашыл жастар Одағы Ұлттық бюросының мүшесі Поль Лоран босатылған.

Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Париж соты тергеу палатасының қарарында француз патриоттарының уақытша босатылғандығы туралы айтылған.

Соңғы күндерде «мемлекеттің ішкі

хауіпсіздігіне қастандық жасағандығы» жөнінде айыпталған бұл патриоттарды босату үшін бүкіл француз демократтарымен бірге ереуілші жұмысшылар да күрескен.

Бұл күндері тергеу палатасына ереуіл жасаушы көптеген теміржолшылардан, почта қызметкерлерінен, шахтерлерден, металлшылардан талап хаттар түсуде.

Прогресшіл бес қайраткердің босатылуын Париждың демократиялық топтары француз реакциясының француз халқының конституциялық бостандықтарын қорғау үшін және Францияның ұлттық тәуелсіздігін қалпына келтіру үшін күресуші Коммунистік партия мен басқа да ұйымдардың жұмысын түншықтыруға бағытталған жоспарларының күйреуі деп бағалайды.

Тұтқыннан босаған демократияшыл қайраткерлердің түрмеден шығуын Париждің еңбекшілері қуанышпен қарсы алды.

**БАО-ДАЙДЫҢ АРМИЯСЫНДАҒЫ АЛАУЫЗДЫҚ**

ШАНХАЙ, 26 август. (СОТА). Вьетнамның информациялық агенттігі мынаы хабарлады:

Француздық қуыршақ Бао-Дайдың армиясындағы солдаттардың арасында күресуші халықтың жағына шығу қозғалысы күн сайын кеңінен өрістеп, солдаттарды елдеріне қайтаруды талап ету күресі күшейе түсуде.

Қызыл өзеннің сол жақ жағалауында үстіміздегі жылдың май және июнь ай-

ларында бао-дайлық армиядан 1500-ден аса солдаттар қашқан. Нам-Динь провинциясында екі күннің ішінде ғана жаңадан құрылған батальонның өзінен 30-дан аса солдат қашып, Вьетнам Халық армиясы жағына шыққан. Ал, Куанг-Нам провинциясында 200 солдат соғыс қымылдарына қатысудан бастартып, өздерінің армия қатарынан қайтарылуына жетіскен.

**ИТАЛИЯНЫҢ ДЕПУТАТТАР ПАЛАТАСЫНДА**

РИМ, 26 август. (СОТА). 24 августа депутаттар палатасының көпшілігі Пелла үкметіне сенім білдірген. Сенім білдіру қарарын қостап, 315 депутат дауыс

берген, 215 дауыс қарсы, 44 депутат бейтарап қалған.

**Редактордың орыбасары**  
**Г. НҮРМОЛДИН.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДУНАЙДЫҢ АР ЖАҒЫНДАҒЫ ЗАПОРОЖЕЦ»

«ҮШ ЖОЛДАС»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

**ЛЕНИН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКУМЫ ҮШІНШІ КУРСҚА ҚОСЫМША ОҚУШЫЛАР АЛАДЫ**

Оқу мерзімі 3 жыл.  
Оқу мерзімі қысқартылған агрономиялық бөлімнің үшінші курсына орта мектептің 10 класы көлемінде білімі барлар қабылданады. Оқуға түсушілер мына пәндер бойынша емтихан тапсырады: СССР тарихынан (ауызша); Орыс тілі және әдебиеттен (ауызша және жазбаша); Математикадан (ауызша және жазбаша). Орта мектепті 1951, 1952, 1953 жылдары бітіргендерден қабылдау емтиханы алынбайды. Техникумға қабылданғандар стипендиямен, жатақханамен, төсек-орынмен және асханада ыстық аспен қамтамасыз етіледі. Өтініштер осы жылғы 10 сентябрьге дейін қабылданады. Адрес: Солтүстік Қазақстан облысы, Явленка почта жәшігі, ауылшаруашылық техникумы.

**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орыбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.